

Май ауданы өкілетті органдарының шешімі бойынша азаматтардың жекелеген категорияларына берілеттің әлеуметтік көмекті тағайындау туралы

Күшін жойған

Май аудандық әкімиятының 2003 жылғы 4 қыркүйектегі N 71 шешімі. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 10 қазанда N 2072 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 7 тамыздағы N 04 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 7 тамыздағы N 04 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 33, 37 бабына сәйкес, әлеуметтік төлемдердің дұрыс тағайындауын қамтамасыз ету мақсатында

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАЙМЫН:

1. Осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған азаматтардың жекелеген категорияларына әлеуметтік төлемдер беру үшін әлеуметтік көмек тағайындау қағидасты (бұдан әрі - Қағида);

Осы шешімнің 2- қосымшасына сәйкес азаматтардың жекелеген категорияларына берілеттің әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі аудандық комиссиясының құрамы (бұдан әрі - Комиссия) бекітілсін.

2. Комиссия құрамы Заңнамаға сәйкес аудандық мәслихатқа бекітуге үснелсын.

3. Аудан әкімінің 2003 жылғы 30 маусымдағы "Май ауданы өкілетті органдарының шешімі бойынша азаматтардың жекелеген категорияларына берілеттің әлеуметтік төлемдер жөнінде комиссия құру туралы" N 56 шешімнің күши

жойылсын.

4. Осы шешім қол қойылған күннен бастап, күшіне енеді.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Ш.Закирьяновқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Аудан	әкімінің	2003	жылғы
4	қыркүйектегі		
"Май	ауданы	өкілетті	
органдарының	шешімі		бойынша
азаматтардың	жекелеген		
категорияларына			берілеттін

ә л е у м е т т і к
т ағ а й ы н д а у
N 71 шешімімен бекітілді

к ө м е к т і
т у р а л ы "

Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша 51 бағдарламасы бойынша азаматтардың жекелеген категорияларына берілетін әлеуметтік төлемдер туралы қағида

1. Жалпы ережелер

Осы қағида облыс әкімінің 2001 жылдың 14 қаңтардағы "Май ауданының кешенді дамытудың 2001-2003 жылдарға арналған бағдарламасы" және оны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес тұрмысы төмен отбасыларына азық-түлік өнімдері түрінде бір реттік көмек ұйымдастыру және кейбір әлеуметтік сұрақтарын шешетін жағдайларға ақшадай қаржы бөлуді қарастырады.

2. Жекелеген әлеуметтік төлемдерге құқығы бар азаматтардың санаттары

1. Жекелеген әлеуметтік төлемдер алуға мыналардың құқықтары бар:

1) аудан аумағындағы тұрмысы төмен отбасыларына трансфертер түрінде қаржы бөлінеді, яғни бұл қаржыға аталған отбасылары өздерінің әл-ауқатын жақсарту үшін отбасының басқа мүшелерінің келісімімен қара мал, қой, ешкі, шошқа төлін, балапан, сол сияқты егін егу үшін тұқымдық картоп сатып алатында;

2) Ақсай санаториясында емдеуден өту үшін Көктөбе-Павлодар-Алматы және Алматы-Павлодар-Көктөбе бағытындағы жол шығындарын алатын балалар;

3) зейнеткерлер - ауданындағы халықты әлеуметтік қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлері - қарттар күні қарсаңда;

4) ең төменгі мөлшердегі зейнетақы алатын жалғыз тұратын зейнеткерлер мен мүгедектерге 2 тонна көмір сатып алу үшін;

5) көлік шығындарын қайтару үшін жыл ішінде екі рет тұрғын орнынан аудан орталығы Көктөбе селосына дейін аудан ішінде қоғамдық көлік; құнының 50 процентін туберкулезбен ауыратындар көлік шығындарын қайтару үшін алады;

6) ауданға арнайы шақыру бойынша келетін медициналық қызметкерлерге, олардың ауданда жұмыс істеуге қызығушылықтарын туғызып, әлеуметтік жағдайларын жақсарту үшін аудандық бюджеттен қаралған қаражат көлемінде көмек

көрсету;

7) аз қамтамасыз етілген зейнеткерлерге аудандық бюджеттен қаралған қаражат көлемінде бір мезгілдік жәрдемақы ретінде трансфертер бөлінеді;

8) аз қамтамасыз етілген тұрмысы төмен азаматтарға қайтыс болған жағдайда жерлеу үшін төленеді;

9) аудандық жұмыспен қамту бөлімінде тіркеуде тұрған азаматтар кенеттен қайтыс болып кеткен жағдайда, немесе төтенше жағдайларда, апат болған кезде,

су тасқыны, жер сілкінісі болған кездерде жылына бір рет отбасылары жәрдемақы алуға құқығы бар.

3. Тағайындау тәртібі

3. Аудан аумағында тұратын тұрмысы төмен отбасылар өздерінің тұрғылықты жерлеріндегі аудан әкімдеріне өтініш береді. Ауыл әкімі жергілікті жердегі участекі комиссиямен бірігіп, өтініш берушінің материалдық жағдайын тексереді. Тұрмысы нашар отбасыларының тұрмыс тіршілігін тексеріп, тексеріс актісінде толық баяндап, әлеуметтік көмек қажет ететін азаматтардың тізімін тексеріс актісіне және жеке салық төлеушінің нөмірін қосып, аудандық еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөліміне тапсырады. Бөлім комиссиясымен барлық құжаттарды қарастырып барып, әлеуметтік төлемдерді тағайындастын болады. Жергілікті жерлердегі ауыл әкімдері мен участекі комиссия азаматтардың жеке шоттарына трансфертер түрінде бөлінген қаржыны дұрыс бағытта жұмсалуын қадағалайды және арнайы комиссияға толық ақпарат береді.

4. Аудандық денсаулық сақтау бөлімінің тапсырысы бойынша демалысқа баратын балалардың жол шығындарының төленуі тізім арқылы және жол билеттерінің сомасы негізінде жасалады.

5. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша аудан бойынша халықты әлеуметтік қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлеріне - қарттар күні қарсаңда бір жолғы өтем-сыйақылар берілетін болады. 6. Аудандағы туберкулезben ауыратын адамдарға жылына екі рет тұрғылықты жерлерінен аудан орталығына барып қайту үшін еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөлімінде жол шығындарын растайтын және аудандық денсаулық сақтау бөлімінің тізімі бойынша науқастығына байланысты құжатты табыс ету арқылы жасалады.

7. Дәрігер мамандарының тізімдері комиссияға аудандық денсаулық сақтау бөлімінің ұсынысы арқылы беріледі. Комиссия ұсынылған мамандардың ауданға қаншалықты қажеті бар екенін талқылап қорытындысын шығарады. Комиссияның қорытындысы негізінде аудандық денсаулық сақтау бөлімі құқықтық акті даярлап, аудан әкіміне қол қоюға жібереді. Акті қабылданған соң денсаулық сақтау бөлімі мен дәрігер маманның арасында жеке еңбек шарты жасалады. Дәрігер мамандарға берілетін әлеуметтік көмек, аудандық еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөлімі арқылы беріледі.

8. Аз қамтамасыз етілген зейнеткерлерге әрқайсысына берілетін көмек, жергілікті жердегі участекі комиссиясына берілген тексеріс актісі негізінде беріледі.

9. Аудан аумағында тұратын тұрмысы нашар отбасылары, егер олардың отбасыларының кірісі кедейшілік сзығынан аспаса, Қазақстан Республикасының азаматтары және белгілі бір кезеңге дейін Қазақстан Республикасының азаматтығын алмағандардың да азаматтық алу

процедурасынан өтеушілер көмек алуға құқығы бар. Осындай көмек алуға 18 жасқа дейінгі балалармен тұратын, төмен зейнетақы алатын жалғыз басты азаматтардың да құқығы бар. Әлеуметтік жәрдемақы алуға тілек білдірушілер участекі комиссия тәрағасы болып табылатын ауыл әкімінің атына өтініш береді. Ауыл әкімі участекі комиссиямен жәрдемақы алуға мүқтаж адамдардың материалдық жағдайын анықтап, аудандық еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөліміне ұсыныс жасайды. Сонымен қатар өтініш берушілер мен участекі комиссия құжаттарының дұрыстығына және жалған ақпарат болмауына қР Заңнамасына сәйкес толық жауап береді.

4. Әлеуметтік төлемдер нормативі

10. Әлеуметтік көмекті қажет етушілерге, аз қамтамасыз етілген отбасыларының мүшелеріне ауыл әкімімен келісім бойынша жеке тұлғаларға трансфертер түрінде қаржы қаралады.

5. Тұрмысы нашар өте мүқтаж отбасыларына төлемі тәртібі

11. Трансфертер түрінде жеке тұлғаларға бөлінген қаржы қазпочта аудандық бөлімі арқылы шоттарға аударылады.

6. Есеп және есеп беру

12. Тұрмысы нашар отбасыларына әлеуметтік бір мезгілдік төлемдерді, атап айтқанда, осы ереженің пункттерінде көрсетілген тағайындау, есеп және есеп беруді жүргізуі аудандық еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөлімі жүргізеді. Жағдайды анықтау, алғашқы құжаттарды жинау және тіркеу, құжаттардың дұрыстығын тексеру жұмыстарын селолық округтер жанындағы мемлекеттік әлеуметтік көмектің берілуін қарайтын және тағайындаитын участекі комиссия жүзеге асырады.

13. Селолық округ жанындағы участекі комиссия тұжырымына сәйкес барлық бірінші құжаттар аудандық еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөліміне беріледі, есеп және есеп беру бөлімі аудандық бюджеттен бөлінген қаржы туралы есепті жүргізеді және бағдарламаның орындалғаны туралы жоғары органдар алдында есеп береді. Сондай-ақ қаржының толық игерілгені және дұрыс жұмсалғаны туралы жауап береді.

Аудан	әкімінің	2003	жылғы
"	"	қыркүйектегі	
" Май	ауданы	өкілетті	
органдарының	шешімі	бойынша	
азаматтардың		жекелеген	
категорияларына		берілетін	
әлеуметтік	көмекті		
тағайындау	тұралы "		
N 71 шешіміне 2 қосымша			

Аудандық өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген категорияларына берілетін әлеуметтік төлемдер ретінде көмек көрсету жұмысы комиссияның құрамы

Закирьянов Амангелді Шаймарданұлы

- аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы

Комиссия мүшелері:

Рахметова
Салтанат

- аудандық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)

Мұсапов
Ерлан Қозы-Көрпешұлы

- аудандық әлеуметтік қорғау бөлімінің бастығы

Кондржанов
Әсет Бөркенұлы

- экономика бөлімінің бастығы

Жангазинов
Қадылбек Сембайұлы

- аудандық қаржы бөлімінің менгерушісі

Солтанбаев
Қанат Қисымұлы

- аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары

Сағынтаев
Рымгұл Қалелқызы

- аудандық денсаулық сактау бөлімі бастығының міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШДЖҚ РМК